

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

---

**№ 3 (2020)**  
**Павлодар**

# НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

## Филологическая серия

выходит 4 раза в год

---

## СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPYU00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

## Тематическая направленность

публикация материалов в области лингвистики, и языкознания

Подписной индекс – 76132

---

## Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., доктор *PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., доктор *PhD*

## Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *д.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/LMAF4903>**К. Қ. Есіркепова, С. Ғ. Қанапина**А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,  
Қазақстан Республикасы, Қостанай қ.**ОККАЗИОНАЛ МЕТАФОРЛАРДЫҢ ТІЛДІК ТАБИҒАТЫ**

Мақалада окказионал метафоралардың тілдік табиғаты, автор шығармаларындағы метафоралардың тілдік болмысы мен тілдегі қызметі, жалпы метафора құбылысын зерттеу объектісі ретінде қарастыру көзделген. Көркем шығармалардағы окказионал метафоралардың жасалуы, символдық мәнге ие болу мәні, тілдік тұлғаның басты ерекшелігін көрсететін тұстары және танымдық қызметі талданған. Әсіресе метафораның адам ойын қалыптастырушылық қызметі мен зерттеушілердің тұжырымдары зерделеніп, метафораның тіліміздегі сөз мағынасын кеңейтудегі маңызы қарастырылды. Сонымен қатар, жазушы шығармаларындағы ұшқыр қиял мен шеберлік арқылы бұрыннан бар атауға ұқсату, балау, салыстыру нәтижесінде жаңа атауға ие сөз қолданыстары, бір қолданар сөздердің жасалу жолдары мысалдар арқылы талдауға түсіп, көркемдік қызметі анықталды. Стилистикалық фигуралардың бірі – метафоралардың таным үдерісінде жаңа ақпарат ағынын тың ауыстырулармен қамтамасыз етудегі қызметі де, автор назарында болды. Х. Есенжановтың шығармаларындағы метафоралар, оның ішінде окказионал қолданыстар суреткердің көркем ойын бейнеленуінің тиімді құралы және сөз зергерлерінің стилін анықтайтын тілдік бірліктердің танымдық табиғатын ашатын, көркемдік құралдар екендігі анықталды. Сонымен бірге метафораның қалыптасу барысында көркем бейне туындайды. Метафораны қолдану барысында автор ұлттық дүниетанымда қалыптасқан дайын құрылымдарды – фреймдерді қоса отырып, әсіресе негұрлым әсер ететін нұсқасын пайдаланғанын байқауға болады.

Әрбір суреткер өз шығармасында метафораны қолданады және әр көркем сөз шебері алмастырудың осы түрін қолдануында өзіндік ерекшеліктері байқалады. Әсіресе окказионал метафоралардың

*қаламгердің ойы мен танымын көрсетудегі қызметі айрықша байқалды.*

*Кілтті сөздер: окказионал, ассоциация, метафора, тілдік тұлға, дүниетаным.*

### **Кіріспе**

Тілді байытып дамытушы негізгі, маңызды арналардың бірі – ақын-жазушылардың тілі екендігі белгілі. Әр көркем сөз шеберінің метафораны қолдануда өзіндік ерекшелігі бар.

**Зерттеудің нысаны:** тілдегі окказионал метафоралардың стильдік қызметі.

**Зерттеудің пәні:** окказионал метафоралардың көркем мәтіндегі қолданыс ерекшелігі.

**Мақсаты:** Қазақ тіл біліміндегі окказионал метафоралардың зерттелуіне шолу жасап, ғалымдардың еңбектеріне тоқталу. Окказионал метафоралардың көркем мәтіндегі қолданыс ерекшелігіне, танымдық және стильдік қызметіне тілдік талдау жасау.

### **Міндеттері:**

– окказионал метафоралардың танымдық және стильдік қолданысын анықтау;

– окказионал метафоралардың зерттелуіне шолу жасау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Метафора өз табиғаты бойынша антропоөлшемді, ал метафоралы ойлау қабілеті тек қана адамға тән, демек метафораны түсіне білу – адамның өзін-өзі түсіне білуі. Метафора өз кезегінде зерттеле, сараптала келе, келесідей түрлі сипаттарға ие екендігін байқатады: ол ойлау мен әлемді танудың қаруы, ол іргелі және мәдени құндылықтардың көрінісі, себебі мәдени-ұлттық әлемтану фундаментінде жасалады.

Метафора тек қана қаламгердің ойын жеткізу үшін ғана емес, күрделі, ерекше құбылыстар мен заттарды түсіну үшін қажет. Ол ойды жеткізу құралы ғана емес, танымның маңызды қаруларының бірі. Сонымен бірге метафора логикалық түсіну мен оны құрастыру, қиын идеяларға нақты форма беріп, оларды түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақ тіл білімінде Б. Хасанов «Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы» еңбегінде: «Метафора – екі зат пен құбылысты салыстырудың негізінде сөздің ауыс (мағынада) қолданылуы» деп метафораның түрлерін, қасиеттерін жан-жақты атап өтеді [1,35 б]. Соңғы кезде когнитивтік тұрғыдан метафораларды зерттеген Г. Н. Зайсанбаева былай дейді: «Заттар мен құбылыстарды таңбалау мақсатын көздейтін атауыштық метафоралар

сыртқы пішін, қасиет және қызмет ұқсастығына байланысты ауысулар арқылы жасалады» [2,14 б.].

Метафораның тілдік болмысын зерттеуші А. Сыбанбаева «Метафора тек ауыспалы мағына ғана емес, ол өз бойына көптеген қасиеттер мен қызметтерді сыйғыза білген күрделі процесс. Метафораның табиғи болмысы бір уақытта екі мағынаның бір сөзде қатар өмір сүруіне икемделген» деп көрсетеді [3, 23 б.]. Расында да, метафора – ұлттық сананың сұрыптаудан өткен ұқсату дәстүрі. Бүгінгі қаламгерлердің өлеңдерінің өзінде бұрын тілімізде кездеспейтін алуан-алуан метафоралардың кездесуі ұлттық сананың, дарындылық табиғаттың жоғары сатыға аяқ басуы деп білеміз.

Х.Есенжанов шығармаларындағы окказионал сөздер немесе окказионал метафоралар қолданысы ассоциативтік ойлаудан туындаған. Сөз мағынасының метафоралануында ассоциация үлкен орын алады. Ассоциацияның белгілі үш түрі бар. Олар: іргелестік, ұқсастық, қарама-қарсылық [4, 23 б.].

1 Іргелестік ассоциация бойынша бір зат жөніндегі елес өзімен бірге оған қатысы бар екінші затты қоса туғызады. Мысалы:

Мендікерей мырс етіп күліп жіберді. Тіліне іштей риза болса да, ол басын шайқап: - Сенің осы тілің – у. Қорқамын, керексіз жерде жұмсап, біз жоқта тіліңнен жазып жүрмесен не етсін, – деді («Ақ жайық»: Төңкеріс үстінде: роман, 47 б.).

Көркем шығармада қаламгер кейіпкерінің «тілімен» оның орақ ауызды шешен екендігін танытады. Тіл дамыған сайын метафора да бір орында тұрмайды, күрделеніп дамиды. Автор шығармаларындағы окказионал метафоралар қолданысы, символдық мәнге ие болып, тілдік тұлғаның басты ерекшелігін де көрсететін тұстары кездеседі.

Шатты шырай мен қап-қара көздердің ішінен сыр іздегендей бетіне тіктеп қарап еді, қыз ұялған балаша көздерін төмен түсірді де, тіп-тік қою қара кірпіктер мөлдір жүрек айнасын көлкештей қойды (Ақ жайық: Төңкеріс үстінде, 73 б.).

Кешкі қоңырқай мезетте жүрекке жылы, мұнды, шаттық құятын халық әнінің жайма қоңыр үні ақырын жылжып, ілгері өрлеп белгісіз бір қиялға жетектегендей, ақырын шайқап, ептеп тербетіп, жанға бір жайлы берік сая іздегендей... » Ақ жайық: Төңкеріс үстінде, 54 б.).

Әбдірахманның жүрегіне қарияның сөзі елжіретерлік бір аталық мейірім құйып жібергендей болды. Оның қиылғандай сұрап, «кімсің, айт» дегендегі лебізі шексіз есіркеген үн болып естілді («Ақ жайық»: Шындалу, 18 б.).

Ғашық жанның ішкі сезімін «мөлдір жүрек айнасын көлкештеп» жаба қойды. Халық әнінің адам жүрегіне жылы да мұнды, шаттық әнін құйып елжірете жіберуі, шексіз есіркеген үн, жүрекке аталық мейірім құйып

жіберерлік күдіреті - окказионал қолданыстағы метафоралар. Тілдік метафоралар арқылы адам өміріндегі құбылысты, ішкі жан тебіреністі көрсетеді. Адам жанының көңілін, күйін адамның өмір сүруінің негізі «жүрекпен астарластырып, психологиялық параллелизмді береді. Жүрек-адам организміндегі мүшенің атауы, демек, ол да зат. Осы затты жазушы адамның ішкі дүниесінің, санасының рухани сұранысының символы етіп қолданады, тіпті әрі-беріден соң жүрек-адамның өз бейнесі түрінде көрініс табады. Х. Есенжанов «жүрек» сөзін шығармасында символдық мәнде қолданысқа түсіргендігі байқалады. Жоғарыдағы мысалдарда организм мүшесі-жүрек туралы емес, адамның өзі туралы: қуанып, бақытты бола алатын да, қайғыға батып, бақытсыз болатын да адамның өзі. Бір-біріне мейірім шашатын да адам баласының өзі.

Көркем шығармалардағы метафораның қолданысына шолу, талдау жасау арқылы жеке адамның, бүкіл бір ұлттың ойлау, әлемді бейнелі тану ерекшеліктерін көрсетуде метафора құбылысының маңызы, қызметіне көңіл бөлінуде.

Жаңа мән құру, яғни нәтиже алу мақсаты әрекет етуші санада пайда болып, нәтиже мағына әуелі санада танымдық деңгейде игеріледі, кодталады. Ол процесс адамның танымдық ойлау деңгейіне тәуелді. Мұнда метафоралардың танымдық болмысы қамтылады.

Бұған, әсіресе шығармалар тіліндегі авторлық индивидуалдық қолданыстардағы метафоралары дәлел болады. Мұнда адамның өзіндік танымы, ғаламды түсінуі өзгеше көрініс береді. Х. Есенжанов шығармаларының тілі жазушының жеке субъективті қабылдауымен бірлікте келіп, сөздердің символдану үрдісін де адамның «ішкі дүниесінің сұранысы» деп түсіндіріледі.

2 Ұқсастық ассоциясынан нәрсенің, көріністің бейнелері өздеріне ұқсас образдарды ілестіріп, еске түсіреді, яғни бір зат жөніндегі елес сол затқа қандай да болса ұқсастығы бар екінші затты елестетеді. Мысалы: Көлге борлы ақ тұмсығын төндіре шөккен арғы беттегі Сымтас тауы алыстан бұлдырайды, шетіне көз жеткісіз судың алыс кенересі көк жиекпен қосылып доға сызық тартқан. Айналасы атпен жүрсе қос күндік Шалқар көлі – үлкен ожау; алыстан аққан бұраң бойлы, көп түбекті, арқа беті қызыл жарлы Аңқаты өзені - ожау көлдің сабы. Тап осы Жайық сияқты қазақтың шөліркеген еліне нәр беретін түпсіз бұлақ – Абайдың кітабы. Бұл қазақтың Ақ Жайығы, бізге бұл өзімізді жарқ еткізерлік – сусын.

...Құс жастығы – ағаш, мамық төсегі – тас еден, жанбасқа жайсыз қонақ бөлмеңізге қамап қойды. Өзіңіз айтқан Хакім мен біздің өрер жеріміз де, өрісіміз де биік жонның асты мен үсті – ел. Мінгеніміз бір кеме, жүзеріміз бір дария – ел («Ақ жайық»: Шындалу: роман, 303 б). «Көрі қасқыры даланың!

Бетінің сыңар тамыры да бүлк етпейді», - деді генерал тұтқын кеткен соң (Есенжанов Х. Т.І: «Ақ жайық»: Тар кезең: роман, 13 б.).

«Шалқар көлі – үлкен ожау», «Аңқаты өзені – ожау көлдің сабы» бастауыш – баяндауыштық қатынастағы метафоралар өте қисынды әрі қызық құрылған. Шалқар көл үлкен ожау болғанда, Аңқаты өзені сол ожау көлдің сабы болып көз алдымызға екі табиғи ресурстың картада қалай бейнеленіп тұрғандығы елестейді. «Еліне нәр беретін түпсіз бұлақ – Абайдың кітабы», «Абай кітабы – Ақ Жайық», «Абай кітабы – сананы жарқ еткізерлік сусын» деп келетін авторлық – индивидуалдық окказионал метафораларды жасай отыра,

Х. Есенжанов ұлы Абай мұрасының ел үшін, адамзат мәдениеті үшін пайдасы қаншалықты зор болса, «Ақ Жайықтың» да халық үшін, оның тіршілік көзі екендігін, мол пайдасын нақтылай түседі. Оның адам баласына «кисе киім, жесе тамақ, сатса ақша» болып, көп пайда әкелетінін айта кетеді. Адамды физикалық тұрғыдан қанағаттандыратын «Ақ жайықты» адамның рухани байлығын өрістететін «Кітап», жай ғана кітап емес, іші білім мен ілімге толы, терең ой мен алғыр сананың көзі – Абай кітабымен қатар қояды. Ұлы Абай мұрасын – халқына нәр берер түпсіз бұлақ деп сарқылмайтын ресурсқа балайды. Бұл берілген автордың ой - тұжырымдары, сөзсіз авторлық афоризмдер болып табылады.

3 Сонымен, метафора терендігі басқа жанама атаудың метафоралық сипатымен байланысты болады. Метафораға екі жақтылық тән. Оның бойында байырғы мағына мен жаңа мағына қатар өмір сүреді. Бұдан метафоралық мағына туындайды. Келесі метафоралық қолданыстардан оның осы қасиетін анық аңғаруға болады: Мысалы, Қала – ауру жан, сұлық жатыр. Көшелерде жан жоқ, жұрт тегіс үйде. Қыбырлаған жан иесі түгіл өлі мүліктер де суық қолдан бой тасалағандай. Үш күннен бері жадынан шықпай, әлдекім иемденіп қойғандай қызғанышты сезім уына бөлеген Мұқарама көз алдына келді («Ақ жайық»: Төңкеріс үстінде, 194 б.). Ол тіпті біраз уақыт көңіліне кенеттен құйылып кеткен өткінші шаттықтың құшағында отырды, көңіл күйі шарықтап отырды.

Жас – жер қойнауынан атқан бұлақ! Ол ішкі ащы қасіретті сыртқа айдауға асығады («Ақ жайық»: Тар кезең, 538 б.).

Жүздерінде қорқыныш аралас таңырқаған пішін де бар, өмірдің ащы – тұщы толқыны шайқамаған екеуінің сезім дариясы әлі тұнық қалпында тұрған сияктанды, бірақ бастарына түскен ауыр халдің зілдей салмағын жете сезбесе де, аңғарып қалғандай («Ақ жайық»: Шыңдалу, 267 б.).

Бұл жігіттің Жүніске ұнағаны: алғыр сөйлейді, жүйелі сөйлейді; арғы жағында сенер ой бұлағы мен сөз жүгірер арнасы түзең сияқты («Ақ жайық»: Шыңдалу, 300 б.).

Шығармадағы «Қатты қорқыныш құшағына ендірді», «Қала – ауру жан, сұлық жатыр», «Қос – қостан салынған құлыптар мен белдеу темірлер есік терезелерді айқара құшақтап алыпты», «Көңіліне кенеттен құйылып кеткен өткінші шаттықтың құшағында отырды», «Жас – жер койнауынан атқан бұлақ», «қорқыныштың құшағында жан ұшырғандай», «өмірдің ащы-тұщы толқыны шайқамаған екеуінің сезім дариясы әлі тұнық қалпында», «өзінен артық, үш түнге таусылмайды, белкүллі бұлақ, ой бұлағы мен сөз жүгірер арнасы түзен» т.б. тілдік бірліктерді окказионал метафораларға тән құбылыстарға жатқызамыз. Жазушы қолданысындағы окказионал метафоралар адамның ұшқыр ойын байқатады. Бұл сөздер контексте қолданысқа түскен немесе бір қолданар сөздер болып табылады.

«Окказионализмдер дегеніміз-белгілі бір қаламгерге тән, тосыннан пайда болатын, тілдің сөз тудыру тәсілдеріне сәйкес те, сәйкессіз де жасалатын, контекст қалауына қарай қызмет атқаратын, әдеби тілімізге, сөздіктерге кіру қабілеті шектеулі, үнемі жаңашылдығымен, экспрессивтілігімен ерекшеленетін бір қолданар сөздер» [5, 41б.].

Жалпы кез келген, суреткердің өзіндік авторлық қолданыстарын қарастырғанда, олардың әдеби тілге үлес қосқанын көрсету мақсат емес, соны жаңа сөз жасауда сөзжасам мүмкіндіктерін қаншалықты жарата алғанын, соның негізінде тіл мүмкіншілігін көрсетудегі өзіндік ерекшелігін таныту болып табылады. Қаламгер бірқолданар метафораларды бір нәрсені екіншіге балап, мәндес құбылыстарды ұқсатып қана қоймай, әдемі сурет жасайды.

Е. Ханпира окказионал метафораларының пайда болу себебін былай түсіндіреді: «Метафоричность окказионализма не результат переноса значения самого окказионализма. Перенос происходит на стадии образования окказионального слова как перенос значения производящей основы» [6, 224 б.].

### **Қорытынды**

Х. Есенжановтың «Ақ Жайық» романындағы окказионал метафоралар кейіпкердің ішкі жан-дүниесін оқырманға жеткізу үшін айрықша өріммен берілген тілдік қолданыстар. Жазушы шығармасындағы окказионал сөйлемдер арқылы келтірілген мысалдар әр түрі өмір құбылыстарын суреттеуде оны өз керегіне жарата алғандығын көреміз. Алайда уақыт, тілдік тұлға танымы күрделенген сайын, ой мен тіл көркемдігі дамыған тұста, келтірілген мысалдардан жазушы тілінің ерекшелігін аңғартатын окказионал сөйлемдерге куә болып отырмыз.

Бұл метафоралық сөз тіркестерінен суреткердің биік талғамы, логикалық ой еркіндігі табиғатпен, жаратылыс әлемімен бірге тоғысып, бірге жанданып, суреттеліп отырған құбылыстың бейнесін метафоралық тәсіл арқылы оқырманға әсер бере, оның жан дүниесін суреттеуі. Оралымды



бір қолданар авторлық сөздер қолдануда ой көркемдігін жаңаша бағытта, жаңаша мағыналық стильдік қызметте пайдаланғандығын байқауға болады. Мұндай қолданыс оқырманның сезіміне әсер ете отырып, бүкіл жаратылыс әлеміндегі құбылыстың басқа іс-әрекетпен еркін байланыстырып әдемі сөз бояуын кестелеп тұр. Мағынасы өте алыс заттар мен құбылыстарды байланыстырып бір-біріне теліп, оның орнына тауып қолдануы суреткердің эстетикалық талғампаздығын айтайын деген ойын нақты, мағыналы жеткізудің көркем суретін көрсетеді. Жоғарыдағы келтірілген окказионал метафоралар қаламгердің өзі жасаған тосын сөз тіркестері, сөйлемшелер екені анық. Суреткер әр ойды, әр сөзді бейнемен мүсіндейді.

Бұл метафоралардың мағынасы контексте ғана ашылып, жазушының түйсінуімен сабақтастырылып күрделі дүниелерді береді. Окказионал бейнелер заттық ұғымда жұмсалып, жазушы қолтаңбасы, контексте ғана ашылады. Жазушы шығармасындағы контексте ғана көрінетін окказионал метафоралар тың образдар жасауда автордың ізденімпаздығын, сөз күдіретін, тілдік қасиетін танытуда өте ұтымды жұмсалғандығын байқауға болады.

### Пайдаланған деректер тізімі

1 **Хасанов, Б. Х.** Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы, 1966, – 205 б.

2 **Зайсанбаева, Г. Н.** Метафоралы аталымдардың когнитивті аспектісі : Фил. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2004, – 28 б.

3 **Сыбанбаева, А.** Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. – Алматы, 2002, – 161 б.

4 **Хасанов, Ф. Қ., Есенжанов, Х.** тілдік тұлғасының деңгейлері Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы № 1 (80) 2011ж.

5 **Еспекова, Л. Қ.** Мырзалиев поэзиясындағы окказионализмдер. Фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы. 1998. – 29 б.

6 **Ханпира, Е.** Окказиональные элементы в современной речи. Стилистическое исследование. – М. : Наука. 1972. – 224 б.

7 **Есенжанов, Х.** Ақ Жайық: трилогия. – Алматы : Жазушы, 1988.

### References

1 **Khasanov, B. Kh.** Qazaq tilindegi sózderdiń metaforaly qoldanylyúy. [Metaphorical use of words in the Kazakh language] [Text]. – Almaty, 1966, – 205 p.

2 **Zaisanbaeva, G. N.** Metaforaly atalymdardyń kognitivti aspektisi : Fil.ǵyl.kand. Diss. avtoref. [Cognitive aspects of metaphorical names] [Text]: Author. Diss. Candidate phil. Sciences. – Almaty, 2004. – 28 p.

3 **Sybanbaeva, A.** Metaforanyń tildik bolmysy jáne konseptýaldy metaforalar. [The linguistic nature of metaphors and conceptual metaphors] [Text]. Almaty, 2002. – 161 p.

4 **Khasanov, G. K. H.** Esenjanov tildik tulǵasynyń deńgeileri [The level of the linguistic personality of H. Yesenzhanov] [Text]. In Bulletin of L. N. Gumilyov ENU. – No. 1(80). – 2011.

5 **Espekova, L. Q.** Myrzaliev poeziyasındaǵy okazionalizmder : Fil.ǵyl.kand... diss. [Occasionalisms in K. Myrzaliev's poetry] [Text]: Author. Diss. Candidate phil. Sciences. Almaty. – 1998. – 29 p.

6 **Hanpira, E.** Okazionalnye elementy v sovremennoi rechi. Stilisticheskoe issledovanie. [Occasional elements in modern speech. Stylistic research] [Text]. – Moscow : Nauka, 1972. – 224 p.

7 **Esenjanov, H.** Aq Jaiyq : trilogia. [Ak Zhaiyq : trilogy] [Text]. – Almaty : Zhazusky, 1988.

Материал 28.08.20 баспаға түсті.

*К. К. Есиркепова, С. Г. Канапина*

### **Языковая природа окказиональных метафор**

Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова,  
Республика Казахстан, г. Костанай.  
Материал поступил в редакцию 28.08.20.

*В статье рассматривается языковая природа окказиональных метафор, языковая сущность и функции метафор в произведениях автора, как объект исследования метафор в целом. Также анализируются окказиональные метафоры, приобретения ими символического значения, отражающие основные особенности языковой личности и мировоззрение в художественных произведениях.*

*В частности, проанализирована роль метафоры в формировании человеческого мышления и выводы исследователей, а также рассматривалась важность метафоры в расширении значения слов в языке. Кроме того, благодаря мастерству писателя было проанализировано использование слов с новым значением в результате воображения, схожести, сравнения с ранее существующими значениями, способы создания слов в индивидуальном использовании и выявлена их художественная деятельность в произведении. Одна*

*из стилистических фигур - роль метафор в процессе познания, обеспечивающая новый поток информации с новыми значениями, также была в центре внимания автора. Выяснилось, что метафоры в произведениях Х. Есенжанова, в том числе эпизодически, являются эффективным инструментом художественного выражения мысли писателя и художественными инструментами, раскрывающими когнитивную природу языковых единиц, определяющих стиль мастеров слова. В то же время в процессе формирования метафоры возникает художественный образ. При использовании метафор видно, что автор использовал наиболее влиятельные виды, в том числе готовые конструкции - фреймы, сформированные в национальном мировоззрении.*

*Каждый художник слова использует метафору в своем произведении, и у каждого художника есть свои особенности в использовании этого вида замещения слов. Особенно заметна роль окказиональных метафор в выражении мыслей и познаний писателя.*

*Ключевые слова: окказионал, ассоциация, метафора, языковая личность, мировоззрение.*

*K. K. Esirkepova, S. G. Kanapina*

### **The linguistic nature of occasional metaphors**

Kostanay Regional University named after A. Baitursynov,  
Republic of Kazakhstan, Kostanay.  
Material received on 28.08.20.

*The article examines the linguistic nature of occasional metaphors, the linguistic essence and functions of metaphors in the author's works, as an object of research of metaphors in general. It also analyzes occasional metaphors, their acquisition of symbolic meaning, reflecting the main features of a linguistic personality and worldview in works of art.*

*In particular, the role of metaphor in the formation of human thinking and the conclusions of researchers were analyzed, and the importance of metaphor in expanding the meaning of words in a language was considered. In addition, thanks to the skill of the writer, the use of words with a new meaning as a result of imagination, similarity, comparison with pre-existing meanings, ways of creating words in individual use were analyzed and their artistic activity in the work was revealed. One of the stylistic figures – the role of metaphors in the process of cognition, providing a new flow of information with new meanings, was also in the center of the author's attention. It turned out that metaphors in the works of Kh. Yessenzhanov,*

*including episodically, are an effective tool for the artistic expression of the writer's thought and artistic tools that reveal the cognitive nature of linguistic units that determine the style of the masters of the word. At the same time, in the process of forming a metaphor, an artistic image appears. When using metaphors, it is clear that the author used the most influential types, including ready-made structures – frames, formed in the national worldview. Each word artist uses a metaphor in his work, and each artist has his own peculiarities in using this type of word substitution. The role of occasional metaphors in the expression of the writer's thoughts and knowledge is especially noticeable.*

*Keywords: occasional, association, metaphor, language personality, worldview.*

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 14.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,23 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,8. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3710

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 14.10.2020 г.

Электронное издание

2,23 Мб RAM

Усл. печ. л. 28,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3710

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)